



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 23 қаңтар

Микроқаржы ұйымдарының қызметтерін тұтынушылардың өтініштерін қарау қорытындысы бойынша микроқаржы ұйымдарының іс-әрекеттерінде 2018 жылы анықталған бұзушылықтар туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылдың қорытындысы бойынша МҚҰ¹ аса жиі жол беретін микроқаржы ұйымдарының қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарға мониторинг пен талдау жүргізді.

Анықталған бұзушылықтардың қорытындысы бойынша МҚҰ қатысты **52 санкция және шектеулі ықпал ету шарасы**, оның ішінде:

- **18 санкция** («Караганда Микрофинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Экспресс Займ» микроқаржы ұйымы» ЖШС және «Ақсай» МҚҰ» ЖШС, «Ақсай» МҚҰ» ЖШС, «Финансовый магазин» микроқаржы ұйымы» ЖШС - 2, «Кредит - регион» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «HeartAsiaCredit» микроқаржы ұйымы» ЖШС және «Finbox» микроқаржы ұйымы» ЖШС - 2, «ҚАЗЫНА КРЕДИТ» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «HeartAsiaCredit» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «СЕНІМ –VMY» микроқаржы ұйымы» ЖШС), айыппұлдар салу және өндіріп алу түрінде;

- жазбаша ұйғарым түріндегі **36 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды** («Абзал-Кредит» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «SM-INVEST» МҚҰ» ЖШС, «Азиатский кредитный фонд» МҚҰ» ЖШС, «Инкар & S» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Теньгофф» МҚҰ» ЖШС, «Ақсай» МҚҰ ЖШС, «Орал» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Инкар & S» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Микрокредит» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Экспресс Займ» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Қыран инвест» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Шу» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «МАКС-М» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Эверест Финанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Қазақ несие» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Досжан - Инвест» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Batys kapital» МҚҰ» ЖШС, «МКМ-Kredit» МҚҰ» ЖШС, «Альянс Орда Финанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Эверест Финанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Иртыш» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «FinansInvest» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Атамекен Тараз» МҚҰ» ЖШС, «ҚазАқша» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «СЕНІМ –VMY» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Комфорт Финанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «HeartAsiaCredit» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Кредит - регион» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Сенат 2050» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Казкредит» микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Береке» МҚҰ» ЖШС).

Талдаудың қорытындылары бойынша МҚҰ:

- Микрокредит беру туралы шарт талаптарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуіне;
- Ұлттық Банктің тиісті рұқсатынсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;
- ЖТСМ² шекті мөлшерінен асып кетуге;
- қарыз алушының қарауы және танысуы үшін қол жетімді жерде микрокредиттер беру ережесін орналастыру тәртібін бұзуға;
- кредиттік бюроға жалған ақпарат беруге;
- есеп беру тәртібі мен мерзімдерін бұзуға;

¹ Микроқаржы ұйымдары

² Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі

- жеткізушінің кредиттік мәліметтер бюросына кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін кредиттік тарих субъектісінен алынған ақпаратты бермеуіне, сондай-ақ уақтылы бермеуіне, немесе дәйексіз мәліметтер беруіне;

- шарттарда микрокредиттің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мөлшерінде берілуі жөнінде көрсетілмеуіне;

- ықпал етудің шектеулі шараларын қолдану арқылы Ұлттық Банк жүктеген міндеттердің;

- есеп беру тәртібі мен мерзімінің бұзылуына;

- қарыз бойынша бухгалтерлік есептің қате жүргізілуіне байланысты бұзушылықтарға жол берді.

Микроқаржы ұйымдарының қызметін тұтынушылардың жоғарыдағылардың және басқа да микроқаржы ұйымдарының тиімділігі мен сапасын шолуы және өз бетінше белгілеуі үшін Ұлттық Банк МҚҰ-ға қатысты қабылданған шаралар туралы ақпаратты өзінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz) орналастырады.

МҚҰ-ның қазіргі және әлеуетті клиенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыру және заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол бермеу мақсатында Ұлттық Банк мыналар туралы ақпарат береді.

Микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына қойылатын міндетті талаптарға қатысты.

Кодекстің³ 383-бабының 1-тармағына сәйкес шарт тараптар үшін оны жасасу кезінде қолданылып жүрген заңдармен белгіленген міндетті ережелерге (императивтік қалыптарға) сәйкес келуге тиіс.

Заңның⁴ 4-бабының 3-тармағына сәйкес Микрокредит беру туралы шартта:

1) МҚҰ атауы мен қарыз алушы – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) немесе қарыз алушы – заңды тұлғаның атауы;

2) берілген микрокредит сомасы;

2-1) микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшері;

3) микрокредитті өтеу мерзімдері;

4) микрокредитті өтеу тәсілі (қолма-қол ақшамен және (немесе) қолма-қол ақшасыз тәртіппен, біржолғы не бөліп-бөліп);

5) микрокредитті өтеу әдісі: аннуитеттік немесе сараланған не микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес басқа да әдіс;

5-1) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі;

5-2) негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі және мөлшері;

6) микрокредитті өтеу және сыйақы сомалары қамтылған кезекті төлемдерді өтеу күндері және мөлшерлері, келесі өтеу күніне микрокредит сомасының қалдықтары көрсетіле отырып, сондай-ақ микрокредит беру туралы шартқа қол қойылған күнгі микрокредиттің және сыйақының жалпы сомасы көрсетілген микрокредит беру туралы шарттың екі тарабы да қол қойған микрокредитті өтеу кестесі;

7) микрокредит беру туралы шарт бойынша (ол бар болса) қарыз алушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету;

³ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

⁴ «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

8) микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшері, оның ішінде жылдық сыйақы мөлшерлемесінің және Заңның 5-бабында белгіленген тәртіппен есептелген ЖТСМ (микрокредиттің нақты құны) мөлшері;

8-1) микрокредит беру туралы шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері;

9) тараптардың жауапкершілігі;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де талаптар қамтылады.

Берешекті коллекторлық агенттікке сотқа дейін өндіріп алуға берген кезде МҚҰ-ның:

біріншіден, сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап-арыз беруге;

екіншіден, коллекторлық агенттік берешекпен жұмыс істеп жатқан кезеңде есептелген сыйақыны төлеуді талап етуге, сондай-ақ аталған кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеуге құқығы жоқ.

Заңның 4-бабы 4-1-тармағында микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде, қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің күші қолданылатыны.

Өзіне құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулерді бұзуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келетіні белгіленді.

Микрокредит беру туралы шарттарда Заңның 4-бабы 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 5-1), 5-2), 8) тармақшаларында және 4-тармағында көрсетілген талаптар шарттың бірінші бетінен бастап аталған дәйектілікпен көрсетеді.

МҚҰ-дың микрокредит беруіне және қызмет көрсетуіне байланысты комиссиялар мен өзге төлемдерді өндіріп алуға қатысты.

Заңның 4-бабының 2-1-тармағына сәйкес микрокредит беру туралы шартында микрокредит беруіне және қызмет көрсетуіне байланысты өндіріп алуға жататын комиссиялар мен өзге төлемдердің толық тізбесін, сондай-ақ олардың мөлшерін қамтиды.

01.07.2016ж. ЖТСМ есептеу кезде ескерілетін толық Жеке тұлғаға берілген микрокредит беруге және қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзгеде төлемдердің тізбесі⁵ қабылданды.

Осылайша, МҚҰ 01.07.2016ж. кейін жеке тұлғалармен жасалған микрокредит беру туралы шарттар бойынша шарттарда Тізбеде көзделген комиссияларды ғана белгілеуге және өндіруге құқылы.

Микрокредиттер бойынша ЖТСМ шекті мөлшеріне қатысты

Заңның 5-бабында белгіленгендей, микрокредитті бергені, оған қызмет көрсеткені және оны өтегені (қайтарғаны) үшін микроқаржы ұйымына төленуге жататын сыйақыны, олар бар болса – комиссиялық және өзге де төлемдерді қамтитын, қарыз алушының шығыстарын ескере отырып есептелетін, микрокредит бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелген сыйақы мөлшерлемесі ЖТСМ болып табылады.

Бұл ретте №377 қаулымен⁶ микрокредит беру туралы шартты жасаған, микрокредит берумен және қызмет көрсетумен байланысты сыйақы мөлшерлемесі өзгерген және (немесе) жаңа комиссиялар мен өзге төлемдер өзгерген немесе жаңадан енгізілген күні 56 (елу алты) пайыздан аспауға тиіс ЖТСМ шекті мөлшері бекітілді.

МҚҰ туралы заңда белгіленген шекті мөлшерден асатын сомаға микрокредит беруге қатысты

⁵ «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін, жеке тұлғаға берілген банктік қарыз және микрокредит беруге және оларға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 134 қаулысы

Заңның 3-бабына сәйкес, МҚҰ бір қарыз алушыға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді.

2018ж. арналған айлық есептік көрсеткіш «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда 2 405 теңге мөлшерінде белгіленген.

Заңның 1-бабының 7) тармақшасына сәйкес микроқаржы ұйымы – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ осы Заңмен рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылатынын атап өту керек.

Заңның 14-бабының 5-тармағына сәйкес есептік тіркеуден өткен микроқаржы ұйымдарының тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Микроқаржы ұйымдарының тізілімімен Сіз Ұлттық Банктің www.nationalbank.kz ресми сайтынан мынадай мекенжай бойынша таныса аласыз: Рұқсаттар мен хабарламалар тізілімі → Рұқсаттар → Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеу.

Бұл ретте Ұлттық Банк микроқаржы ұйымы болып аталатын ұйыммен микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін мұндай ұйым Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің микроқаржы ұйымдарының тізіліміне енгізілгеніне көз жеткізуді ұсынады.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың назарына:

Сіздің құқығыңыз бұзылған жағдайда, Сіз:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

050000, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67, e-mail: info@kzp.nationalbank.kz мекенжайы бойынша жазбаша;

Құқықтық көмек алу үшін Ұлттық Банктің қоғамдық қабылдау бөлмесіне Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67 мекенжайы бойынша, анықтама үшін телефон нөмірлері: 7(727)2619213, 7(727) 2788104, ішкі 2061;

Ұлттық Банктің Қоғамдық қабылдау бөлмесінің мобильді нұсқасы болып табылатын «ҚҰБ «Online» мобильді қосымшасының «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөліміне («ҚҰБ «Online» мобильді қосымшасы AppStore және PlayMarket дүкендерінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүктеп алу үшін қолжетімді);

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz сайтының Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау бөлімінде (<http://www.nationalbank.kz/?docid=1374&switch=russian>) көрсетілген мекенжайлар бойынша)

қарыз алушы мен банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында банк пен қарыз алушы - жеке тұлға арасындағы ипотекалық қарыз шартынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асырушы банк омбудсманына өтініш жасауға құқыңыз бар.

Банк омбудсманының деректемелері:

050000, Алматы қ., Н. Назарбаев даңғ., 175-үй, 302-офис

Телефондар: +7 (727) 261-22-16, +7 (727) 983-30-16, +7 (708) 983-30-16,

Тел/факс: 7(727) 2500 344

e-mail: office@bank-ombudsman.kz

Сайт: www.bank-ombudsman.kz

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz